

## **«Мәңгілікке сүйікті туған өлке» республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар арасында «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» тақырыбында республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: талантты балаларды анықтау және қолдау, олардың шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- қатысушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған шығармашылық әлеуетін дамыту, Қазақстан Республикасының мәдени мұраларына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

- халықтық дәстүрлі мәдениетті сақтау және дамыту;

- оқушылардың адам өмірінің рухани-адамгершілік және эстетикалық қырларын түсінуге деген ынталарын арттыру;

- дәстүрлі және заманауи мәдениет негізінде өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау **2015 жылғы 17 тамыздан бастап 15 қазанға** дейін балаларға арналған **[www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)** ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы **12 қазанға** дейін **nt\_ekotur@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249308, 8(701)305-40-58 («Мәңгілікке сүйікті туған өлкенім» байқауы).

7. 2015 жылғы **12 қазаннан** кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға жіберілген жұмыстар кері қайтарылмайды.

9. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Туған өлке, мәңгілікке сүйікті» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, nt\_ekotur@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында **2015 жылғы 15 қазанда** орналастырылады.

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

11. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсатына, міндеттеріне және номинацияларына сәйкес болуы керек.

12. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары 7-17 жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші санат: 7-10 жас;

орта санат: 11-14 жас;

жоғары санат: 15-17 жас.

13. Байқау төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» ақындар байқауы.** Байқауға туған өлкеге деген әсерлері туралы төл шығармалар (өлеңдер, жырлар, т.б.) қатыстырылады.

Бағалау критерийлері:

номинация тақырыбына сәйкес болуы;

тақырыпты аша білу;

ақындық қабілеті.

**2. «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» суретпен сипаттау шығармашылық байқауы.**

Бағалау критерийлері:

тақырыпқа сәйкес болуы;

ақпараттың жаңашылдығы (аз танымал оқиғалар);

эмоциялы және көркем ұсыну;

шығарманы суреттермен көркемдеу.

**3. «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» фотобайқауы.** Сандық форматтағы авторлық фотосуреттер келесі номинациялар бойынша ұсынылады:

- «Туған табиғаттың сүйікті бұрыштары» (жануарлар, пейзаждар, ландшафтық дизайн, гүлдер);

- «Табиғат және адам» (сіз табиғат аясындаңыз);

- «Ең жақсы демалыс - табиғатта» (отбасымен немесе достармен демалыс).

Бағалау критерийлері:

- аталуы;

- номинация тақырыбына сәйкестігі;

- орындалу сапасы;

- ерекшелігі.

14. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады.

JPG форматындағы А4 формасында шығаруға жарамды фотосуреттер, әр номинацияда бір қатысушыдан екі жұмыстан артық емес фото электрондық түрде жұмыстар қабылданады.

Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

15. Конкурстық жұмыстың титулдық парағын толтыру реті. Конкурстық жұмыстың титулдық парағында:

- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- автордың аты-жөні;
- e-mail, байланыс телефоны;
- жетекшісінің аты-жөні;
- жетекшісінің жұмыс орны, қызметтік лауазымы;
- конкурстық жұмыстың жасалынған уақыты көрсетіледі.

16. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

17. «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» атты байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

18. Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

19. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Үздік жұмыстар «Экоэлем» ғылыми-танымдық электронды журнал беттерінде жарияланады.